

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова¹, А. Е. Ерланова²**

¹Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: nartai1970@mail.ru

АЛАШ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ

Мақалада Алаш ғалымдарының өкілі, тілтанушы, әдебиеттанушы, халық ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап насихаттаушы, шебер аудармашы, тарихшы Х. Досмұхамедовтың фольклортанушылық қызметі жан-жақты қарастырылады.

Мұнда Х. Досмұхамедовтың өмірі, фольклортанушы ғалым ретінде қалыптасуы, шығармашылығы сөз болады. Ақынның фольклорист ғалым ретінде қалыптасуына белгілі ғалымдар Ә. Диваев, В. Радловтардың т.б. әсер еткендігі анық.

Мақалада ғалымның «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», «Исатай-Махамбет», «Мұрат ақынның сөздері» атты кітаптарына, фольклор үлгілерін жинаудағы ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады. Ақынның «Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ», «Мұраттың жылқышымен айтысқаны», «Мұраттың Оразбен айтысқаны», «Мұраттың Жантөлімен айтысқаны», «Мұраттың Тыныштықпен айтысқаны», «Қалмақтың қарғысы», «Үш қиян», «Қыз» т.б. еңбектерінен фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көбінесе ауызба-ауыз жинау тәсіліне сүйенгендігі көрінеді.

Сонымен қатар Х. Досмұхамедов жайлы деректер мен пікірлер белгілі ғалымдар Б. Мәмбетжанұлы, Р. Әлмұханова, А. Шәріп, Қ. Жарықбаев, А. Боранғалиқызы, А. Сейталиев т.б. еңбектерінде сөз болады.

Х. Досмұхамедовтың жинаған ауыз әдебиеті үлгілері болашақ ұрпақ үшін, қазақтың мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті т.б. үшін маңызды, баға жетпес қазына көзі болып табылатыны сөзсіз.

Кілтті сөздер: Х. Досмұхамедов, фольклор, үлгі, жинау, «Аламан», «Исатай-Махамбет», «Мұрат ақынның сөздері».

Кіріспе

Фольклортану ғылымы сөз болғанда, алдымен фольклордың жиналу, жариялану өрісі сараланып, содан кейін барып, оның зерттелу тарихы қарастырылатыны белгілі.

XX ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымының дамуына үлес қосқан зерттеушілер: М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов т.б. еңбектері Кеңес үкіметі тұсында оның авторлары қудалануына байланысты ескерілмей келгені, олардың бәрінің дерлік еңбектері тек тәуелсіздіктен кейін қолға алына бастағаны мәлім.

XX ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымы мәселелерін жан-жақты сараптау үшін де, сол кезеңнің: әлеуметтік, тарихи, саяси, мәдени жағдайын; әдебиет пен фольклор үлгілерінің жиналып, жарияланып, зерттелуін қарастыру т.б. қажеттігі туатыны анық. Міне, осы тұрғыдан келгенде, белгілі қоғам қайраткері Х. Досмұхамедовтың фольклортану саласындағы еңбектері назар аудартады.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды. Мақалада Х. Досмұхамедовтың «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», «Исатай-Махамбет», «Мұрат ақынның сөздері» атты кітаптарына, фольклор үлгілерін жинаудағы ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар Х. Досмұхамедов жайлы деректер мен пікірлер белгілі ғалымдар Б. Мәмбетжанұлы, Р. Әлмұханова, А. Шәріп, Қ. Жарықбаев, А. Боранғалиқызы, А. Сейталиев т.б. еңбектерінде сөз болады.

Нәтижелер және талқылау

Х. Досмұхамедовтың баспа бетінде жарық көрген еңбектерінен біз оның қазақ медицинасы, биология, табиғаттану және бізге қатысты тарих, тіл, әдебиет ғылым салаларына қосқан үлесі көп қырлы екенін зерделей аламыз [1; 2; 3; 4].

Осы орайда еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі Х. Досмұхамедов туралы жарияланған еңбектерді қарастырсақ, алдымен Х. Досмұхамедовтың «Аламан» кітабы 1991 жылы қайта басылым көргенін [5], артынан ғалымдар Қ. Сейталиев, Қ. Жарықбаев, А. Боранғалиқызы т.б. мақалалар шоғыры жарық көргенін [6; 7] атап өткіміз келеді. Сондай-ақ Х. Досмұхамедовтың таңдамалы шығармалары 1998 жылы қайта өңделіп, толықтырылып өз алдына жеке басылды [8]. Сонымен бірге 1998 жылы Алматы қаласында «Халел Досмұхамедов – әдебиет зерттеушісі» деген атпен А. Т. Әлмұханованың кандидаттық диссертациясы қорғалды [9].

Алайда осы аталған еңбектерде Х. Досмұхамедовтың XX ғасырдың басында қазақ фольклортану ғылымына қосқан өзіндік үлесі жалпылама сөз

болғанымен, оның бәрі арнайы жете қарастырылмаған. Енді осы олқылықтың орнын толықтыру мақсатында, алдымен жоғарыда аты аталған еңбектер топтамасына тоқталып өтейік.

Кезінде 1930-шы жылдардағы қуғын құрбаны болған Х. Досмұхамедовтың «Аламан» кітабында қазақ әдебиеті тарихына, тіліне қатысты құнды деректер орын алумен қатар, оған қазақ фольклоры үлгілері де, Махамбет, Мұрат, Абыл т.б. ақындар шығармалары да енгені белгілі. Кітап кіріспесінде орынды аталып өткендей, онда Х. Досмұхамедовтың қысқаша өмірбаяндық деректері: ғалымның 1883 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келгені, жастайынан зеректілігімен көзге түскені, білім нәрімен сусындауына өскен ортасы әсер етуі т.б. қамтылған. Расында, зерттеушінің қоғамдық ой-санасының өсуіне, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына т.б. сөз жоқ, әкесі, әкесінің ағасы мен ақын Мұрат Мөңкеұлының шығармалары мен ақыл-кеңестері шешуші ықпал жасағаны анық. Демек болашақ фольклортанушы ғалымның халық әдебиетіне деген алғаш сүйіспеншілігін де, қызушылығын да т.б.— осы әкесі, әкесінің ағасы мен Мұрат ақын т.б. туғызды деуге негіз толық. Себебі берілген өмірбаяндық деректерде [5] Халел әкесінің ағасы Дәулетүмбет Машақұлы (1848–1907) ақын Мұратпен хат алысып тұрғаны келтіріледі. Ендеше көне заман мәдени мұрасының білгірі Мұрат ақынмен Халел отбасының араласып тұруы, өз кезегінде жас Халелдің қазақ халқының төл әдебиетімен сусындап өсуіне әсер еткені анық.

Бастапқыда ауыл молдасынан хат таныған Х. Досмұхамедовтың рухани дүние танымын байыту үшін оқуын әрі карай жалғастырғаны, 1895–1909 жылдар арасында, алдымен Орал әскери реалдық училищесінде, кейіннен Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери медициналық академиясында дәріс алғаны т.б. ғалым жиені – Д. Е. Әбдірахимова еңбегінде [8] орынды атап көрсетілген.

1909–1918 жылдар арасында Х. Досмұхамедовтың Пермь губерниясында учаскелік дәрігер, Орал облысында кіші дәрігер қызметін атқара жүріп, 1917 жылы Орынборда өткен І Жалпы қазақ съезінің төрағасы болғаны, сол жылдың желтоқсан айында төрағасының орынбасары қызметін атқарғаны мәлім. Бұл Алаш автономиясы жарияланып, «Алашорда» үкіметі құрылған кезеңі екені белгілі [8].

Ал, 1918–1920 жылдары Х. Досмұхамедовтың Алашорда үкіметінің Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі болғаны; 1920–1921 жылдары Ташкенттегі физикалық әдіспен емдеу институтының ординаторы, Қазақ пединститутында мектеп дәрігері болғаны; 1921–1923 жылдары Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарғаны; 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс

бөлімінің мүшесі; Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы мемлекеттік ғылыми кеңестің төрағасы болып істегені т.б. – бәрі Х. Досмұхамедовтың өз қолымен толтырған «Қызмет бабы жөніндегі жалпы мағлұматтар» ішінде де нақты көрсетілген [8].

Х. Досмұхамедовтың әсіресе 20-шы жылдары қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыра отырып, оларды жеке кітап не мақала түрінде, болсын, баспа бетіне жариялап, қазақ фольклортануына елеулі үлес қосқаны анық. Ғалым Х. Досмұхамедовтың фольклортанушылық жолға түсуіне тікелей не түрткі болды десек, оның бірі – қазақтың белгілі фольклортанушы ғалымы В. В. Радловтың жарияланған еңбектері әсері болса [8]; екіншісі – қазақтың белгілі фольклортанушы ғалымы Ә. Диваевпен бір ұжымда қызметтес болуы [8] т.б. – бәрі өмірбаяндық деректерден жете анықталған.

Демек XX ғасырдың басында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың болашақ ұрпақ үшін, қазақтың мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті т.б. тарихы үшін маңыздылығын, баға жетпес қазына көзі екенін дәйектесек, соның себепкерлері В. В. Радлов, Ә. Диваев ықпалын қабылдап, әрі өрістеткен Х. Досмұхамедовтың фольклортанушылық еңбектері ғылымдағы дәстүр жалғастығы рөлін дәлелдейді деп санаймыз.

Ал, 1924 жылдан бастап 1938 жылғы нақақтан қайта тұтқындалғанға дейін Х. Досмұхамедов түрлі-түрлі орындарда қызмет атқарғаны белгілі. Ол атқарған қызметтер: қазақ ағарту институты басқару төралқасының мүшесі; Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық өлкетану бюросының мүше-корреспонденті; Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанындағы эпидемияға қарсы күрес Орталық комиссиясының төрағасы; Мәскеуде болып өткен V Бүкілресейлік денсаулық сақтау съезіне қатысушы; Қазақ ғылым-баспа комиссиясы төрағасының орынбасары; Қазақ жоғары пединститутында мектеп-санитарлық дәрігері; «Педология» курсы бойынша Қазақ жоғары пединститутында оқытушы; Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы; Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетінің, яғни ҚазМУ-дің педология кафедрасының профессоры; Қазақстан пединститутының проректоры; кінәсіз қамауға алынып, 19 ай түрмеде жатып қайта шыққаннан кейін де, күрес, әрекетін тоқтатпағаны көрінеді. Бұдан кейін ол Воронеж қаласындағы Орталық қаратопырақты облыстық денсаулық сақтау бөлімінің Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгеруші; Воронеж қалалық балаларды емдеу профилакториялық амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары; Воронеж қаласының Орталық ауданының учаске дәрігері; ЮВЖД санучаскесінің санитарлық дәрігер-эпидемиологы; аудандық денсаулық бөлімінің балалар бақшасының дәрігері т.б.

Ал, 1938 жылы қайтадан тұтқындалған Х. Досмұхамедовтың Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының әскери трибуналы үкімімен ату

жазасына кесіліп, артынан 1939 жылдың 19 тамызында түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болғаны, кейіннен 1958 жылғы 11 ақпан күні КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының шешімімен Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты әскери трибуналының 1939 жылғы 24 сәуірдегі Халел Досмұхамедовке қатысты үкімі күші жойылғаны [8] – бәрі: кешегі қызыл отаршылдар билеушілері тарапынан қазақ зиялыларына т.б. жасалған зұлымдықтардың бір қырын ғана танытады [10].

Жоғарыда аты аталған А. Сейталиевтің мақаласында [6; 7] Қазан төңкерісіне дейін жоғары білім алған қазақ зиялылары арасынан шыққан Х. Досмұхамедовтың педагог-ғалым ретіндегі қызметі сөз болады: Демек жоғары педагогикалық оқу орындары ашыла бастауы; ондағы маман ғылыми қызметкерлердің жетіспеушілігі; оқу жоспарларының жасалуы; оқулықтар әзірленуі т.б. – бәрінің басқасында Х. Досмұхамедовтың болуы т.б. – сөзсіз, ғалымның педагогикалық қызметпенен белсене араласқанын көрсетеді.

Ғалымдар Қ. Жарықбаев пен А. Боранғалиқызы еңбектерінде [6; 7] Х. Досмұхамедовтың этнопсихология ғылымына қатысты ойлары біршама сарапталған.

Ал, зерттеуші Р. Т. Әлмұханова [6; 7] Х. Досмұхамедовтың қазақ ақындары мұрасын жинаушылық, әрі зерттеушілік қызметтеріне тоқталады. Онда «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет», «Аламан» жинақтарына енген Х. Досмұхамедов жинаған ауыз әдебиеті үлгілері ғана сараланған. Сонымен қатар белгілі ғалым А. Шәріп өзінің «Болжал сөздің бедері» атты мақаласында [6; 7] Х. Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегіндегі болжал өлеңдерінің тегі мен табиғатын қарастырған.

Х. Досмұхамедовтың фольклортанушылық қызметіне келетін болсақ, алдымен Х. Досмұхамедовтың ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алумен ертеден-ақ шұғылдана бастағанына ғалымдар Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов назар аударады [5]. Сондай-ақ аталған зерттеушілер жинақталған материалдар негізінде Халелдің «Мұрат ақын сөздері», «Аламан», «Исатай-Махамбет» кітаптарына қажетті алғы сөзі мен түсініктер бере отырып, мәтіндердің көбінесе Батыс Қазақстан жерінен жазылынып алынғанын анықтаған.

Сондай-ақ Халел туысқандарының бірі Балмұқан Мәмбетжанұлының естелігі көңіл бөлерлік: «Халел, – дейді ақсақал, – Ташкент қаласынан жазғы демалысқа келгенде арнайы үй тіктіріп, жақын жердегі сөз білетін қарттарды тегіс шақыртатын. Кейін осы қарттар іріктеле келе Халел қасында Ығылман Шөрекұлы сияқты ақындар қалатын-ды» [8]. Осы бір азғана естеліктің өзінде жалпы фольклортану ғылымында қалыптасқан фольклорды толыққанды жинаудың үш кезеңі болса: бірінші – фольклорлық үлгіні іздестіру; екіншісі – мәтінді жинастыру; үшіншісі – қағазға түсіру т.б., міне, оның үшеуі де Х. Досмұхамедов тарапынан орындалғаны байқалады. Мәселен, Ташкент

қаласынан жазғы демалысқа келгенде арнайы үй тіктіріп, жақын жердегі сөз білетін қарттарды тегіс шақыртуынан біз Халелдің фольклорды жинау үшін алдын-ала ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгенін көреміз. Міне, бұл фольклорлық үлгіні іздестірудің бірінші кезеңінің іске асқанын, ал, екінші, үшінші кезең – мәтінді жинастыру мен қағазға түсірудің де жартылай іске асқандығын байқатады. Себебі сөздің қадірін білетін қарттарды тегіс шақыртқаны – істің басы болса, ол 2-ші кезең, ал 3-ші кезең – қағазға түсіруге келгенде, соңынан іріктеле келе тек Ығыман Шөрекұлы сияқты ақындар ғана қалуы – бәрі барлық фольклор үлгілерінің қағазға түсіп үлгірмеген, ал ол кезегінде тууы мүмкін түрлі нұсқалардың да ескерілуіне әкелері сөзсіз.

Дегенмен біраз фольклор үлгілерін бертінгі жеткізушілерінің бірі Ығылман Шөрекұлы сияқты ақындар екендігі т.б. – бәрі фольклорлық мәтіннің жазылынып алыну паспортына қажетті дереккөзі болумен қатар, сондай-ақ олардың фольклорды жинаудың ауызба-ауыз тәсілі арқылы қағазға түскендігін де анықтай алады. Мұндай ауызба-ауыз тәсіл арқылы ғалым ауыз әдебиеті үлгілері мен фольклорлық мәтіндерді де жинастырғаны белгілі. Мәселен, ауызба-ауыз жинау тәсілі арқылы зерттеуші Халелдің мынадай ауыз әдебиет үлгілері басылым көрді: «Мұрат ақынның сөздері»; «Исатай-Махамбет»; «Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ»; «Қалмақтың қарғысы»; «Үш қиян»; «Қыз» т.б.

Сонымен қатар ғалым Халелдің «Аламан» жинағы мен «Аруақпен айтыс» мақалаларымен қатар, назар ауызба-ауыз тәсілі арқылы жиналған фольклор үлгілері жоғарыдағы аты аталған «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет» атты жинақтар ішінде де кездеседі: «Мұраттың жылқышымен айтысқаны»; «Мұраттың Оразбен айтысқаны»; «Мұраттың Жантөлімен айтысқаны»; «Мұраттың Тыныштықпен айтысқаны» т.б. Міне, бұдан фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда Х. Досмұхамедовтың көбінесе ауызба-ауыз жинау тәсіліне сүйенгендігі ашылады.

Х. Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты баяндамасы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары Ташкенттен Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқылғаны белгілі [5]. Сонымен бірге зерттеушінің бұл баяндамасын қазақ фольклорын қырық бес жыл бойы ерінбей-жалықпай жинаған белгілі қазақ фольклортанушысы Ә. Диваевқа арнауы: біріншіден, халық мұрасының із-түссіз жойылып кетпеуі үшін аянбай қызмет еткен Ә. Диваевтың фольклорды жинаушылық еңбегіне деген зор ілтипаты мен берген бағасы көрінсе, екіншіден, фольклортанушылық қызметінде Ә. Диваевті өзіне ұстаз санағандығы танылады. Және де өз баяндамасының алғы сөзінде: «Орыс әдебиетінде қазақ халық әдебиеті туралы сан жағынан недәуір мақалалар болғанымен бүкіл халық әдебиетін түгел қамтитын жүйелі де толық очерк жоқ», – деуінен [5], біз сол кездің өзінде-ақ

қозғалған осы тақырыптың көкейкестілігін танумен қатар, соған қатысты біраз еңбектерді Х. Досмұхамедовтың өзінше қарастырғанын көреміз. Яғни ғылыми еңбек жазудың алғышарты – өзіне дейінгі еңбектерді міндетті түрде қарастыру болса, ол шарт орындалған. Демек ХХ ғасырдың басында қазақ фольклортану ғылымы өз алдына жеке қалыптаса бастағандығы осы шағын еңбектердің өзінен байқалады. Сондай-ақ: «Ал жекелеген мақалалар арнаулы журналдар мен басқа да мерзімді басылымдарда шашырап жатыр, сондықтан маман емес адамға (тіпті кейде мамандардың өздері де) олармен танысу мүмкін емес», – деген пікір де назар аударарлық [5]. Міне, бұл үзіндіден біз мерзімді баспасөздің жетімсіздігін, таралымы аздығын, ал сатып алу үшін халықтың (әл-ауқатынын төмендігінен) шамасы келмеуімен қатар, сондай-ақ жалпы бұқаралық кітапханалардың жоқтың-қасы болуы т.б. бәрі ХХ ғасыр басында, біріншіден, қазақ фольклортану ғылымының кенжелеу себептерін танытса, екіншіден, фольклортанушылық білімі бар арнайы маманданған ғалымдардың аздығы да осы мешеулікті негіздегенін аңдаймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP19678022 «Алаш ғалымдарының фольклортанушылық қызметі: ХХ ғасырдың басы»).

Қорытынды

Қорытындылай келе, осындай кедергілерге қарамастан Х. Досмұхамедов қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған басты мақсат пен міндеттерді жоба-үлгі түрінде ұсынады:

- қазақ тілінде де халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын шолу жасау;
- мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндау, жіктеп-жіліктеу;
- үлгілердің бұлақ көздерін ашу;
- халық әдебиетінің даму тарихын анықтау;
- әдебиеттің жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға көңіл бөлу;
- сырттан болған әсерлермен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттері мен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне тоқталу;
- халық әдебиетінің негізінде қазіргі еуропаланған қазақ көркем әдебиетінің дамуын дәйектеу;
- бұл жаңа алғышарттардың жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне тигізген ықпалын саралау;
- халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін қалыптастырудағы мәнін сараптау;

- қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тіршілігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын (мінез-құлқын) танып білудегі орны т.б. тәрізді өзекті мәселелердің қазіргі таңда фольклортану ғылымында зерттеліп жатқандығын дәлелдеу т.б. – бәрі ғалым Х. Досмұхамедовтың XX ғасыр басында айтқан пікірлерінің өміршеңдігін, сол арқылы қазақ фольклортану ғылымына қосқан өлшеусіз еңбегін танытады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Досмұхамедұлы, Х.** Тамыр дәрі хақында [Мәтін] // Қазақ. – 8 май, 1913. – № 13; Досмұхамедұлы, Х. «Алаш» не сөз? [Мәтін] // Қазақ. – 23 май, 1913. – № 15; Досмұхамедұлы, Х. Түзетушіден [Мәтін] // Кенесары-Наурызбай. – Ташкент, 1923.

2 **Досмұхамедұлы, Х.** Қазақ тіліндегі сингарлизм заңы [Мәтін] // Шолпан. – 1922. – № 1. – Б. 35–38; Досмұхамедұлы, Х. Басқарма сөзі (Жұмбақтар) [Мәтін] // Сана. – 1923. – № 1. – Б. 122.

3 **Досмұхамедұлы, Х.** Табиғаттану. 1-бөлім. [Мәтін] – Ташкент, 1922. – 122-б. (суреттер беттелмеген, оның саты 96); Досмұхамедұлы, Х. Исатай-Махамбет. 1-бөлім. [Мәтін] – Ташкент, 1925; Досмұхамедұлы, Х. Аламан. Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер. [Мәтін] – Ташкент, 1926.

4 **Досмұхамедұлы, Х.** Мұрат ақынның сөздері. 1-бөлім. [Мәтін] – Ташкент, 1924; Досмұхамедұлы, Х. Мұрат ақынның сөзі [Мәтін] // Сана. – 1924. – № 2-3.

5 **Досмұхамедұлы, Х.** Аламан [Мәтін] – А. : Ана тілі, 1991. – Б. 5–6, 10, 14-35.

6 **Жарықбаев, Қ., Боранғалиқызы, А.** Халел Досмұхамедұлының психологиялық пікірлері хақында [Мәтін] // Жалын. – 1996. – № 9-10. – Б. 213–219; Сейталиев, Қ. Әмбебап ғалым-педагог [Мәтін] // Жалын. – 1994. – № 9.

7 **Әлмұханова, Р. Т.** Халел Досмұхамедов – ақындар мұрасын жинаушы һәм зерттеуші [Мәтін] // ҚР FM-FA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1996. – № 2. – Б. 44, 49; Шәріп, А. Болжал сөздің шебері [Мәтін] // ҚР FM-FA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1998. – № 3. – Б. 46–53.

8 **Досмұхамедұлы, Х.** Таңдамалы. [Мәтін]. – А. : Ана тілі, 1998. – Б. 4, 6, 23, 100, 349–351, 355, 368, 370.

9 **Әлмұханова, Р. Т.** Халел Досмұхамедұлы – әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты [Мәтін]. – А., 1998.

10 **Tomohiko, U.** Asiatic Russia. Imperial Power in Regional and International Contexts [Text]. – New York : Routledge, 2012. – 296 p.

References

1 **Dosmukhameduly, Kh.** Tamyr дәрі haqynda [Tamyr darı haqynda] [Text] // Qazaq. – 8 mai, 1913. – № 13; Dosmukhameduly, Kh. «Alaş» ne söz? [What is the word «Alash»?] [Text] // Qazaq. – 23 mai, 1913. – № 15; Dosmukhameduly, Kh. Tüzetuşiden [From the corrector] [Text] // Kenesary-Nauryzbai. – Taşkent, 1923.

2 **Dosmukhameduly, Kh.** Qazaqtılındegisingarlanizm zany [The law of singularity in the Kazakh language] [Text] // Şolpan. – 1922. – № 1. – P. 35–38; Dosmukhameduly, Kh. Basqarmasözi (Jümbaqtar) [The Word of Government (Riddles)] [Text] // Sana. – 1923. – № 1. – P. 122.

3 **Dosmukhameduly, Kh.** Tabığattanu. 1-bölim. [Natural Science. Part 1.] [Text]. – Taşkent, 1922. – 122 p. (suretterbettelmegen, onyñsany 96); Dosmukhameduly, Kh. İsatay-Mahambet. 1-bölim. [Isatay-Makhambet. Part 1.] [Text]. – Taşkent, 1925; Dosmukhameduly, Kh. Alaman. Qazaqtyñ el ädebietinenalyñğansözder. [Alaman. Words from the Kazakh literature of the country.] [Text]. – Taşkent, 1926.

4 **Dosmukhameduly, Kh.** Mūrataqynnyñ sözderi. 1-bölim. [Words of the poet Murat. Part 1.] [Text] – Taşkent, 1924; Dosmukhameduly, Kh. Mūrataqynnyñsözi. 1-bölim. [Words of the poet Murat. Part 1.] [Text] – Sana. – 1924. – № 2-3.

5 **Dosmukhameduly, Kh.** Alaman. [Alaman.] [Text] – A. : Ana tılı, 1991. – P. 5–6, 10, 14–35.

6 **Zharykbayev, K., Borangalikyzy, A.** Halel Dosmūhamedūlynyñ psihologialyq pikirleri haqynda [Psychological comments of Khalel Dosmukhameduly] [Text] // Jalyn. – 1996. – № 9-10. – P. 213–219; Seytaliyev, K. Ämbeap ğalym-pedagog [Universal scientist-teacher] [Text] // Jalyn. – 1994. – № 9.

7 **Almukhanova, R. T.** Halel Dosmūhamedov – aqyndar mūrasyn jinauşy hām zertteuşi [Khalel Dosmukhamedov-collector and researcher of the heritage of poets] [Text] // QR GM-GA Habarlary. Tıl, ädebietseriasy. – 1996. – № 2. – P. 44, 49; Sharip, A. Boljalsözdñşeberı [Master of the supposed word] [Text] // QR GM-GA Habarlary. Tıl, ädebietseriasy. – 1998. – № 3. – P. 46–53.

8 **Dosmukhameduly, Kh.** Tañdamaly.[Selected] [Text]. – A. : Ana tılı, 1998. – P. 4, 6, 23, 100, 349–351, 355, 368, 370.

9 **Almukhanova, R. T.** Halel Dosmūhamedūly – ädebiet zertteuşisi. Filologia ğylymdarynyñ kandidatı ğylymi дәrejesin alu üşin дайындалған дисертasiаныñ avtoreferaty. [Khalel Dosmukhameduly – researcher of literature. Abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of philological Sciences.] [Text]. – A., 1998.

10 **Tomohiko, U.** Asiatic Russia. Imperial Power in Regional and International Contexts [Text]. – New York : Routledge, 2012. – 296 p.

16.04.24 ж. баспаға түсті.

22.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова¹, А. Е. Ерланова²*¹Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 16.04.24.

Поступило с исправлениями 24.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧЕНЫХ АЛАШ: ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДОВ

В статье подробно рассматривается фольклористическая деятельность представителя ученых движения «Алаш», лингвиста, литературоведа, умелого переводчика, историка, пропагандиста, собирающего редкие образцы народной устной литературы, Х. Досмухамедова. А также его жизнь, творчество и становление как ученого-фольклориста. Очевидно, что на становление поэта как ученого-фольклориста повлияли известные ученые А. Диваев, В. Радлов и др.

В статье особое внимание уделяется книгам ученого «Аламан», «Казахская народная литература», «Исатай-Махамбет», «Слова поэта Мурата» и особенностям сбора образцов фольклора. Из трудов поэта «Один суффикс, оставшийся от слов поэта Адая Абыла», «Айтыс Мурата с всадником», «Айтыс Мурата с Оразом», «Айтыс Мурата с Жантолом», «Айтыс Мурата с Тыныштыком», «Проклятие Калмака», «Уш Киян», «Кыз» и др. видно, что при сборе образцов фольклора и устной литературы он во многом полагался на метод сбора «из уст в уста».

Кроме того, мнения и факты о Х. Досмухамедове отражены в трудах известных ученых: Б. Мамбетжанұлы, Р. Альмухановой, А. Шарипа, К. Жарыкбаева, А. Борангалиқыс, А. Сейталиева и др.

Образцы устной литературы, собранные Х. Досмухамедовым, несомненно, являются важным, бесценным источником богатства казахской культуры, истории, языка, литературы и др. для будущих поколений.

Ключевые слова: Х. Досмухамедов, фольклор, образец, сбор, «Аламан», «Исатай-Махамбет», «Слова поэта Мурата».

*N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova¹, A. Y. Yerlanova²

¹Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 16.04.24.

Received in revised form 24.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

FOLKLORE ACTIVITIES OF ALASH SCIENTISTS: KHALEL DOSMUKHAMEDOV

The article examines in detail the folkloristic activity of a representative of the Alash scientists, a linguist, literary critic, a skilled translator, historian, propagandist collecting rare samples of folk oral literature Kh. Dosmukhamedov. As well as his life, work and formation as a scholar of folklore. It is obvious that the formation of the poet as a scholar of folklore was influenced by famous scientists A. Divaev, V. Radlov and others.

The article pays special attention to the books of the scientist «Alaman», «Kazakh folk literature», «Isatay-Makhambet», «The Words of the poet Murat» and the peculiarities of collecting folklore samples. From the works of the poet «One suffix left over from the words of the poet Adai Abyl», «Aitys of Murat with a horseman», «Aitys of Murat with Oraz», «Aitys of Murat with Zhantol», «Aitys of Murat with Tynyshtyk», «The Curse of Kalmak», «Ush Kiyan», «Kyz», etc. it can be seen, that when collecting samples of folklore and oral literature, he relied heavily on the method of collecting by word of mouth.

In addition, opinions and facts about Kh. Dosmukhamedov is reflected in the works of famous scientists: B. Mambetzhannovich, R. Almukhanova, A. Sharip, K. Zharykbaev, A. Borangalieva, A. Seitalieva, etc..

Samples of oral literature collected by Kh. Dosmukhamedov's works are undoubtedly an important, invaluable source of wealth of Kazakh culture, history, language, literature, etc. for future generations.

Keywords: Kh. Dosmukhamedov, folklore, sample, collection, «Alaman», «Isatay-Makhambet», «Words of poet Murat».

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz